



The New Color of Money
Safer. Smarter. More Secure.

www.moneyfactory.gov/newmoney

ТЕЗ АРАДА ТАРАТУҒА АРНАЛҒАН
Наурыз 2, 2006

БАЙЛАНЫСТАР:

Дон Хейли немесе Клаудия Диккенс, 202/874-3019
Басылым Бюросы

Роуз Пианалто немесе Джеффри Смит, 202/452-2955
Федералды Резер Алқасы

Office of Public Affairs, 202/406-5708
АҚШ Құпия Қызметі

Пенни Козакос, 202/530-4887
Жаңа Түсті Ақша Медиа Қолдаушысы

**АҚШҮкіметі Жаңа Дизайнды \$10 Банкнотасын Бүгіннен Бастап
Шығарады**

***Келе Жатқан Жұмада Халықаралық Банкілер Жаңа \$10 Банкнотаны Алуы
Туіс***

Вашингтон, D.C. – Наурыз 2, 2006 – Жаңа АҚШ \$10 банкнота келе жатқан күндері дүние жүзінде пайда болып таныстырғаннан кейінгі жұмадан бастап Америка Құрама Штаттарында айналымға түседі.

Жаңа \$10 банкнотаның ерекшеліктері Бостандық Статуясының суреті бар және “We the People” АҚШ Конституциясынан алынған сөздері бар, Тануға ыңғайлы қорғаныс ерекшеліктері бар және нәзік сарғылт, сары және қызғылт түсті ерекшеліктері бар.

Дүние жүзіндегі айналымға түсу уақыты жергілікті банктер жүйелерінің Федералды Резервке тапсырысты жіберулеріне қарайды, содан соң Федералды Резер АҚШ валютасын жергілікті және хаылқаралық банк институттары арқылы үлестіреді.



“Жалған ақша жасаушылардан озық болу АҚШ үкіметіне өте маңызды, және соны жүзеге асыру үшін біздің валютамыз әр 7 - 10 жылда жаңадан шығарылып отыруы тиіс” дейді АҚШ Бас Қазынашысы Анна Кабрал. “Жаңа ерекшеліктері бар валютаны таныстыру арқылы біз АҚШ валютасының біртұтастығын сақтап бизнес пен тұтынушыларды қорғауды жалғастырамыз.”

“Жаңа \$10 банкнотаның дизайн элементтері мен өзгертілген ерекшеліктерін тани қоюға қоса жұртшылық ескі валютаны жаңа валютаға айырбастаудың қажеті жоқ екендігі естерінде болғаны өте маңызды” дейді Майкл Ламберт, Федералды Резерв директорының орынбасары. “Ескі дизайнды банкноталар өз күштерін сақтап қалады.”

Жаңа \$10 банкнота жаңартылған \$20 және \$50 сияқты жалған ақша жасаушылармен қарсы күресуге арналып шығарылған, олар үш түрлі ақшамен жұмыс жасайтын адамдарға қолайды болуы үшін де шығарылған:

- **Бояуы құбылмалы сия:** Банкноттың оң жақ төменгі бұрышындағы 10 цифрына қараңыз, егер купюраны шалқайтып, еңкейтсеңіз бояуы құбылмалы сия өзінің өңінен түсінен жасыл түске дейін құбылады.
- **Сулы белгі:** Банкнотты жарыққа ұстасаңыз, сулы белгіні немесе қаржы Министрі Александр Хамилтонның үлкен портретіне ұқсас әрең байқалатын бейне көресіз. Сулы белгі қағазға сіңірілген, купюраның екі жағынан да байқалады. Іші бос сопақ шеңбер жаңа \$10 банкнотқа сулы белгінің орнын көрсету үшін енгізілді.
- **Қорғаныс жібі:** Банкнотты жарыққа ұстасаңыз, USA TEN сөздерін және банкноттың екі жағында да жолақ бойымен кішкене жалауды көресіз. Бұл портреттің оң жағында орналасқан және банкноттың екі жағынан көруге болады.

“Біз арқашанда білімді жұртшылық қылмысқа қарсы ең үздік қорғаныс екенін сеземіз,” дейді Брайан К. Нейджел, Бақылаулар Кеңесінің Директор Орынбасары, АҚШ Құпия Қызметі. “Біз жұртшылықты жаңа дизайнды банкнотамен танысуға шақырамыз, бұл олардың өз еңбегімен тапқан ақшаларының шынайы және қорғалған екендігін білуге көмектеседі.”

АҚШ валютасының үштен екі бөлігі АҚШ тан тыс елдерде айналымда жүргендіктен АҚШ үкіметі дүние жүзілік оқыту бағдарламасын енгізді, бұл бизнес және тұтынушыларды жаңа валюта дизайнымен таныстыру үшін және оларға жаңа қауіпсіздік ерекшеліктерін тануды жеңілдетуге көделген. Бұл бағдарлама жаңа дизайнды валютаны халықаралық нарыққа баяу енгізуге көзделген. Бүгінгі таңда бағдарлама дүние жүзіндегі миллиондаған ақшамен айналысатын адамдарға, сатушыларға және бизнесмендерге жеткізілді.

Ақысыз бағдарлама материалдар түрлері кез келген тілде бар, олар ақшамен айналысатын адамдарды және тұтынушыларды жаңа \$10 дизайнымен және ерекшеліктерімен таныстыруға дайындайды. Бұл материалдар, постерлері бар “take one” карталары, оқытуға арналған видео және CD-ROM дары бар, оларды келесі сайттан жүктеуге болады

www.moneyfactory.gov/newmoney. 2003 жылдан бастап 70 миллионнан астам оқыту материалдарына дүние жүзіндегі әртүрлі мекемелерден тапсырыс түсті.

\$10 банкнотасы жаңа топтамада үшінші деноминация болып табылады, жаңартылған \$20 және \$50 банкноталары дүние жүзінде айналымда.

###